- «Клиникалық базалардың тізбесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 51 бұйрығы;
 - Дүниежүзілік Медицина қауымдастығының Хельсинки декларациясы Медициналық зерттеулердің этикалық принциптері олардың объектісі ретінде (ДМА 18-ші Бас Ассамблеясында қабылданды, Финляндия, Хельсинки 1964 маусым);
 - Биоэтика және адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларациясы, ЮНЕСКО Бас конференциясының 2005 жылғы 19 қазандағы 18-ші пленарлық отырыста III комиссияның баяндамасы бойынша қабылданды, өзге де нормативтік құқықтық актілер;
 - Биология және медицина жетістіктерін қолдануға байланысты адамның құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау туралы Конвенция: Адам құқықтары және биомедицина туралы Конвенция (Овьедо, 1997 жылы 4 сәуір);
 - Биомедициналық зерттеулерге сараптама жүргізетін Әдеп жөніндегі комитеттердің жұмысына басшылық жасау. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы, Женева, 2000ж.;
 - СОП талаптары.
- 34) ЛЭК мүшесі қызметін атқаратын қызметкерге мынадай біліктілік талаптары қойылады:
- Жоғары мамандандырылған білімі және мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілінің және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулердің биоэтикасы және тиісті клиникалық практика бойынша арнайы даярлығының болуы (Good Clinical Practice (GCP) сертификатының немесе «Денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер этикасы» сертификатының болуы); Бұл талап биомедициналық зерттеулер, медицина немесе денсаулық сақтау саласында арнайы дайындықсыз болуы мүмкін қоғам өкіліне қолданылмайды;
 - ЛЭК мүшесі лауазымына денсаулық сақтау, ғылым, өнер, құқық саласындағы тәуелсіз маман немесе діни конфессияның, мемлекеттік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілі тағайындалады немесе денсаулық сақтау саласындағы ғылыми зерттеулер мен тиісті клиникалық практика биоэтикасы бойынша арнайы дайындығының бар болуы;
 - Ғылыми-техникалық жобаларда жұмыс тәжірибесінің болуы және зерттеу құжаттарына сараптама жүргізу;
 - Мемлекеттік тілді және кәсіби деңгейде мемлекеттік (шетел) тілдің мамандық бойынша толық қолданылуын, қызметтік келіссөздер жүргізуді және



құжаттамамен жұмыс істеуді қамтамасыз ететін кәсіби деңгейге артықшылық беріледі.

35) Лауазымдық міндеттер:

ЛЭК мүшесі лауазымын атқаратын жұмыскерге келесі міндеттер жүктелген:

- құпиялылық туралы келісімге қол қою;
- отырыс кестесіне сәйкес комиссия жиналысына қатысу;
- халыққа көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасына сараптама жүргізу;
- медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- сараптамалық бағалауға ұсынылған зерттеулерге қатысты ұсыныстарды қарау, талқылау, рецензиялау;
- құжаттардың құпиялылығын қамтамасыз ету және оларды комиссия отырыстарында талқылау;
- биоэтика жөніндегі орталық комиссияға (БЖОК) жарты жылдық және жыл сайынғы есеп бойынша келісім беру;
- медициналық зерттеулердің барысына биоэтикалық мониторинг жүргізеді, оларды жүргізу үшін осы комиссияның қорытындысы беріледі;
- биомедициналық зерттеулер саласында білім беру іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;
- Биоэтика жөніндегі Орталық комиссияға этикалық сараптама рәсімін жүргізуді жетілдіру, комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді.
- медициналық этика, ішкі еңбек тәртібі, өртке қарсы қауіпсіздік және қауіпсіздік техникасы, санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп ережелерін сақтау.

36) ЛЭК мүшесі өзінің сараптамалық функцияларын өзінің қызмет жағдайына карамастан орындайды. Өз өкілеттіктерін орындау кезінде ЛЭК мүшесі құқылы:

- ЛЭК шешімдерін талқылау және қабылдау кезінде тең құқықтарға ие болу;
- өз қызметін қоғамдық негізде өтеусіз негізде ЛЭК-да жүзеге асыруға;
- зерттеушіден және/немесе демеушіден және/немесе ҒЗЖ жетекшісінен интервенциялық және интервенциялық емес зерттеуге, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеуге, қоғамдық денсаулық саласындағы зерттеуге қатысты кез келген ақпаратты сұрауды жүзеге асыруға, егер ЛЭК пікірі бойынша бұл ақпарат зерттелетін адамдардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздігі және (немесе) денсаулығын елеулі түрде арттыруға мүмкіндік берсе, зерттеу туралы қосымша мәліметтерді қоғамдық денсаулық саласындағы зерттеуге;
- ЛЭК комиссиясының мүшелеріне, сондай-ақ әр түрлі салаларда мамандар болып табылатын басқа да тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілерге көмек көрсету үшін жүгінуге;



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»


Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 25 беті

- өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және шешімдер қабылдауға;
 - өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
- 37) ЛЭК мүшесі келесідей дербес жауапкершілік артады:
- Басшылықтың және тікелей басшының бұйрықтарын, нұсқаулықтарын және нұсқауларын орындамау;
 - Қызметтік құжаттаманы жүргізу бойынша белгіленген талаптарды бұзу;
 - Өзі пайдаланатын немесе оның қарамағындағы құпия ақпаратты сақтау және оған үшінші тұлғалардың рұқсатсыз кіруін болдырмау жөнінде қажетті шаралар қолданбау;
 - Қауіпсіздік ережелерін, өрт және ұйым мен оның жұмыскерлеріне қауіп төндіретін өзге де ережелерді бұзудың жолын кесу бойынша шараларды қабылдамау;
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамаларында белгіленген мөлшерде материалдық залал келтіру;
 - Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында белгіленген мөлшерде өз қызметі барысында жасалған құқық бұзушылықтары үшін.
- 38) ЛЭК мүшелеріне немесе зерттеу қатысушыларына қысымдық көрсету ғылыми зерттеулер этикасының дәрекі тәртіп бұзушылығы болып табылады және Университет беделіне зиян келтіреді. Қысымдықтар жасау туралы барлық әрекеттерді Комиссия тез арада Университет Басқарма төрағасы-Ректорға хабарлайды.
- 39) Университет қызметкердері болып табылатын ұйымдастырушылар және зерттеу жүргізушілерден этикалық экспертиза жүргізгені үшін ақы алынбайды.
- 40) ЛЭК мүшелері атқарған жұмысы үшін ешқандай арнайы сыйақы алмайды.
- 41) ЛЭК төрайымның (төрайым орынбасарының немесе хатшының) өз міндеттерінен мерзімінен бұрын босатылуы туралы сұрақ өздерінің жеке өтініштері бойынша отырыста қарастырылады. ЛЭК төрайымның (төрайым орынбасарының немесе хатшының) өкілеттілігі мерзімінен бұрын доғарылған жағдайда ЛЭК мүшелері ішінен жаңа төрайым (төрайым орынбасары немесе хатшы) сайланады.
- 42) Басқару және есеп беруге міндеттілік:
- ЛЭК лауазымды тұлғалары болып, өздері ЛЭК жұмысшы органы болып саналатын: төрайым, төрайым орынбасары және хатшы болып табылады;
 - төрайым ЛЭК қызметіне басшылық етеді, осы Ереженің және СОП-тардың талаптарының орындалуына жауап береді. Төрайым ЛЭК мүшелеріне жеке тапсырмаларды орындауға беруге құқылы;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)	Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже	Редакция: 1 102 беттің 26 беті

емес, зерттеу хаттамасын қарастырады. Сонымен қатар, ЛЭК қорытындысын беруден бас тарту конкурса қатысудың мүмкін еместігіне алып келеді.

- 46) Гранттық қаржыландыруға оң шешім қабылданған жағдайда, бас зерттеуші құжаттар пакетінің толық тізбесін ұсына отырып, ЛЭК-ке зерттеу жүргізуге рұқсат алуы тиіс.
- 47) Комиссияның өз штампы бар «ЛЭК МАҚҰЛДАҒАН».
- 48) Комиссия шешімдері зерттеулер жүргізген кезде адамның құқығы мен абыройын қорғауға, зерттеулерде қатысатын жануарларға гуманды түрде қарауға, ғылымның дамуына жәрдемдесу, ҒЗЖ аясында өтетін адам қатысуымен жүргізілетін зерттеулердің сапасын көтеруге бағытталған. Комиссия өз шешімдерінде политикалық, әкімшілік-басқарушылық, ведомстволық, коллегиялық және финанстық-экономикалық әсерлерінен объективтік және тәуелсіздік қағидаларын басшылыққа алады.
- 49) Университет қызметкерлерінен түскен өтініштерді қарастыру үшін ақы төленбейді (Қосымша 2 - А Нысаны, Қосымша 3 - Б Нысаны, Қосымша 4 - В Нысаны). Сыртқы ұйымдардан түскен тапсырыстарды қарастырған жағдайда, тапсырыс беруші келісім шарт негізінде Университетке әкімшілік шығындардың (эксперттік бағалау бойынша шығындар) орнын толтырады, бұл жағдайда ақы төлеу, өтініштің мақұлданғанына немесе зерттеуге қатысты басқа да бір шешім қабылданғанына бағынышты емес.
- 50) Комиссия ашық орган болып табылады. Жұмыс кестесі және мақұлданған жобалар тізімі туралы ақпарат Университеттің ресми сайтында көрсетіледі.
- 51) Комиссия отырыстарында қарастырылатын және Университет Басқарма Төрағасы-Ректорымен бекітілетін ЛЭК Ережесі және Стандартты операциялық процедураларды (ары қарай СОП) Комиссия өңдейді.

4. Мақсаты

- 1) Комиссияның мақсаты ғылыми зерттеулерге зерттелуші ретінде қатыстырылатын адамдардың құқығы мен абыройын қорғау, ғылыми зерттеулерде жануарларды гумандық емес қараудан қорғау, берілген ҒЗЖ этикалық аспектілерін қарастыру және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыздандыру болып табылады.

5. Міндеттері

- 1) Зерттеулерге этикалық талаптарды ұстану үшін берілген Комиссия СОП-тары және тиісті клиникалық және зертханалық тәжірибе халықаралық және ұлттық стандарттарына сәйкес зерттелуші ретінде адам қатысуымен өтетін ҒЗЖ құжаттарына, зертхана жануарларын қолданатын ҒЗЖ-ға тәуелсіз эксперттік баға беру;
- 2) Зерттеуді жоспарлау және жүргізу сатысында зерттелушіге қатысты адам құқығын ұстану және қауіпсіздігін тәуелсіз және объективті түрде бағалау. Құқықтық аспектілер адам құқығы аясындағы халықаралық нормаларға сәйкес тартып алынбайтын құқықтарды және негізгі еркіндіктерді ұстануды өзіне енгізеді (өмір сүру құқығы және денсаулық құқығы, адам абыройын, жеке өмірін, ақпарат алу



51) Комиссия отырыстарында қарастырылатын және Университет Басқарма Төрағасы-Ректорымен бекітілетін ЛЭК Ережесі және Стандартты операциялық процедураларды (ары қарай СОП) Комиссия өндейді.

4. Мақсаты

1) Комиссияның мақсаты ғылыми зерттеулерге зерттелуші ретінде қатыстырылатын адамдардың құқығы мен абыройын қорғау, ғылыми зерттеулерде жануарларды гумандық емес қараудан қорғау, берілген ҒЗЖ этикалық аспектілерін қарастыру және қауіпсіздік кепілдігін қамтамасыздандыру болып табылады.

5. Міндеттері

- 1) Зерттеулерге этикалық талаптарды ұстану үшін берілген Комиссия СОП-тары және тиісті клиникалық және зертханалық тәжірибе халықаралық және ұлттық стандарттарына сәйкес зерттелуші ретінде адам қатысуымен өтетін ҒЗЖ құжаттарына, зертхана жануарларын қолданатын ҒЗЖ-ға тәуелсіз эксперттік баға беру;
- 2) Зерттеуді жоспарлау және жүргізу сатысында зерттелушіге қатысты адам құқығын ұстану және қауіпсіздігін тәуелсіз және объективті түрде бағалау. Құқықтық аспектілер адам құқығы аясындағы халықаралық нормаларға сәйкес тартып алынбайтын құқықтарды және негізгі еркіндіктерді ұстануды өзіне енгізеді (өмір сүру құқығы және денсаулық құқығы, адам абыройын, жеке өмірін, ақпарат алу құқығын сыйлау), сондай-ақ азаматтық құқығын (медициналық көмек алу және одан бас тарту, ақпараттық келісім);
- 3) Ғылыми биография және/немесе басқа құжаттар негізінде зерттеушілер біліктілігінің сәйкестігін бағалау және зерттеуді жүргізіп отырған денсаулық сақтау ұйымының техникалық жабдықтандырылуы;
- 4) Этикалық сараптамаға берілетін құжаттарға және зерттеу материалдарына түзетулер және өзгертулер енгізу бойынша ұсыныстарды өңдеу;
- 5) Жоспарланып отырған және жүріп жатқан зерттеулердің мақұлданыуы немесе мақұлданбауы туралы шешім шығару;
- 6) Толықтыруларды, зерттеу хаттамасына түзетулерді сараптау және толық аяқталғанына дейін, нормативті құжаттарға сәйкес адам қатысуымен жүргізілетін зерттеулерге этикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- 7) Зерттелушілер үшін қауіп-қатер дәрежесіне сәйкес, жылына бір реттен көп емес уақыт аралықтарында жүргізіліп жатқан зерттеулерге тексеріс жүргізу;
- 8) Зерттеулерге қойылатын талаптар бойынша, жүргізіліп жатқан зерттеулердің заңдық нормалар және этикалық стандарттарға сәйкестігіне аудит ұйымдастыру;
- 9) Этикалық сараптаманың стандарттарын өңдеу және оларды тәжірибелік қызметке енгізу.
- 10) ЛЭК-ға құжаттарды қабылдау әр айдың 1-ші күнінен бастап жүзеге асырылады. Құжаттарды қабылдау әр айдың 15-күні аяқталады, бұл ретте зерттеу хаттамасымен 15-ке дейін өтінімдер қабылдау шектелген. Құжаттар пакеті толық



ұсынылмаған жағдайда ЛЭК құжаттарды ресми қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде демеушіге (зерттеу басшысына) қайтарады (Қосымша 5).

6. **Функциялары**

- 1) Ғылыми зерттеулерге тәуелсіз этикалық сараптама жүргізу;
- 2) Зерттеу этикасы сұрақтары бойынша әдістемелік көмекті, локальді комиссия мүшелеріне және зерттеушілерге кеңес беру және оқытуды іске асыру;
- 3) Этикалық сараптама жүйесін жетілдіру бойынша шараларды өңдеу және жүзеге асыру;
- 4) Қаражаттандыру көзінен тәуелсіз, қолданбалы және іргелі сипаттағы денсаулық сақтау саласындағы ғылыми-техникалық жобалар бағдарламаларына этикалық сараптама жасауды ұйымдастыру;
- 5) Құпиялылықты қамтамасыз ету;
- 6) Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттелер материалдарына, жаңа медициналық технологиялар, емдік заттек, медициналық техника және медициналық мақсатта қолданатын құралдар, алдын-ала емдеудің жаңа құралдары және әдіс-тәсілдері, аурудың диагностикасы және емдеуіне қолданатын клиникалық зерттеулерге және медициналық биологиялық эксперименттерге адамгершілік этикалық және құқықтық сараптама жүргізу;
- 7) Зерттеулердің және медициналық биологиялық эксперименттердің басталуына дейін, жүргізілу барысында және/немесе аяқталуынан кейін туындайтын даулы мәселелерді қарастыру;
- 8) Жиындар, конференциялар, симпозиумдар жүргізу;
- 9) Ғылым саласында басқа да республикалық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынас жүргізу;
- 10) Ғылыми зерттеулерді этикалық сараптан өткізуді дамыту саласында қызығушылық білдірген ұйымдармен серіктестік туралы келісім шарт жасау;
- 11) Жеке тұлғалармен – жеке зерттеушілермен және заңды тұлғалармен адам қатысуымен өтетін жоспарланған зерттеулерді өткізу туралы келісім шарт жасау.

7. **Құқығы және өкілеттігі**

ЛЭК өз функцияларын орындау үшін барлық қажетті құқықтар мен өкілеттікпен иемденеді. Осы Ережеке сәйкес ЛЭК Төрайымы ЛЭК құқығы және өкілеттігін жүзеге асырады. ЛЭК құқығы бар:

- 1) Зерттеушіден және/немесе демеушіден, және/немесе ҒЗЖ жетекшісінен клиникалық зерттеу, клиникаға дейін (клиникалық емес) зерттеу туралы қосымша мәліметтер сұрату жасау егер ЛЭК пікірі бойынша бұл ақпараттар зерттелушілердің құқығының сақталуын, қауіпсіздігін және/немесе амандығының деңгейін айтарлықтай жоғарлатса;
- 2) Әр түрлі салаларда маман болып табылатын басқа-да тәуелсіз сарапшылар мен кеңесшілер көмегіне жүгінуге;



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Локальдық этикалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этикалық комиссия туралы Ереже

Редакция: I

102 беттің 29 беті

- 3) Түсініктемелер, ұсыныстар, нұсқаулар беру және өз құзыретіне кіретін сұрақтар бойынша шешімдер қабылдау;
- 4) Ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарын кафедра кеңесінде, жеке жағдайда проблемалық комиссиясында бекіткеннен кейін ЛЭК этикалық сараптамасын жүргізеді;
- 5) Комиссия өз мүшелері инициативасы бойынша өкілетті уәкілдер тұлғасы ретінде Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығындағы этика сұрақтары бойынша Орталық комиссиямен және басқа-да университеттердің ЛЭК ұйымдарымен өзара әрекеттестік жасайды;
- 6) Университет Кеңесі және Факультеттер Кеңесі ғылыми-зерттеу жұмыстарын және басқа-да адам немесе зертхана жануарлары қатысуымен өкізуге көзделген зерттеу жоспарларын тек ЛЭК шешімі бар болған жағдайда ғана қарастыруға қабылдайды;
- 7) Ғылыми зерттеулердің этикасы қағидаларына зерттеудің сәйкестігін ЛЭК анықтайды, этикалық сұрақтарды шешу бойынша оның жақсартылуы бойынша ұсыныстар береді немесе ҒЗЖ авторлары пікірлерімен келіседі;
- 8) ЛЭК зерттеушінің жоспарланып отырған зерттеуді жүргізуге біліктілік сәйкестігін оның ғылыми биографиясы және/немесе басқа-да құжаттар негізінде бағалайды;
- 9) ЛЭК зерттеуге қатысты қауіп-қатер дәрежесін және мүмкін болатын ғылыми нәтижелерін қарастырады, бірақ әкімшілікпен немесе заңды мекемелермен есеп жүргізілетін әлеуметтік, политикалық, экономикалық аспектілерді қарастырумен айналыспайды;
- 10) Адам қатысуымен өтетін барлық зерттеулер сараптамасының тәуелсіздігін, сапасын және әділдігін және күтілетін пайдамен салыстырғанда, зерттелушілер үшін мүмкін болатын қауіп-қатер мен жағдайсыздықтардың анықталуы мен қауіпсіздігі;
- 11) Ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарын қарастыру нәтижесі бойынша ЛЭК жетекшіге немесе жауапты орындаушыға мотивациялық шешім береді. Ғылыми-зерттеу жұмысы жоспары бойынша ЛЭК ұсыныстары бар болған жағдайда айқындалған кемшіліктер өтініш берушімен жоюлуы керек, жоспардың өзгертілген түрі кафедра кеңесінде бекітілген болу керек және Комиссияға жаңартылған жоспар ұсынылуы қажет;
- 12) Зерттеудің жүргізілуін тоқтатуға комиссияның өкілеттігі жоқ, бірақ Комиссия ұсыныстары назарға алынбаған болса немесе зерттеу Комиссия қатысуынсыз жүргізілген болса, Комиссия Университет басшылығына, емдік профилактикалық мекемелерге, тапсырыс беруші ұйымдарға, демеуші компанияларға және тиісті рұқсат беретін инстанцияларға бұл бұзушылық туралы хабарлауға құқығы бар;
- 13) ЛЭК мақұлдаған зерттеуді жүргізуге қатысатын зерттеуші немесе демеуші, немесе ұйым кінәсінен болған күмәнді немесе этикалық нормаларға қарама-қайшы жағдайлар зерттеу барысында пайда болған кезде, ЛЭК бұны көрсетуге және



Университет Ректорын, тиісті рұқсат беретін инстанцияларды хабардар етуге, бұрында Комиссия мақұлдаған зерттеуді тоқтату туралы сұрақты қарастыруға құқығы бар;

- 14) ЛЭК жыл сайын Университет Кеңесінде өз жұмысының жалпылама қорытындысы бойынша этикалық емес әрекеттердің алдын алуы бойынша ұсыныстар, адам құқығының бұзылуы және зертхана жануарлары қатысуымен өтетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын өткізу немесе жетілдіру бойынша баяндама жасауға міндетті;
- 15) Зерттеуді жүргізу туралы туындаған таласты сұрақтар бойынша жазба түріндегі ЛЭК шешімін бермес бұрын зерттелушіні зерттеуге/сынаққа енгізілуіне рұқсат етілмеушілікті;
- 16) Зерттеулерге (сынақтарға) қатысты өз шешімдері мен негіздемелері және оның шешімдері және/немесе ұсыныстарына шағым түсіру тәртібі туралы зерттеушілерге жазбаша түрде ақпарат беру;
- 17) Комиссия қызметін құжаттау, отырыстардың жүргізілу тәртібін анықтау, отырыстардың хаттамасын жүргізу, оның мүшелеріне жоспарланған отырыстар туралы ақпарат беру, сонымен қатар отырыстарды ұйымдастыру; құжаттарды сақтау және мұрағаттандыру;
- 18) Осы Ережемен қарастырылған функцияларды сапалы түрде және уақытылы орындау;
- 19) Жүктелген мақсат пен міндеттерді орындау бойынша ЛЭК қызметін ұйымдастыру.
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

8. Жауапкершілігі

- 1) ЛЭК Төрайымы, Төрайым орынбасары, хатшы және ЛЭК мүшелері Университет Басқарма төрағасы - Ректоры алдында құзырет жағынан қойылған мақсаттарға жету үшін, сонымен қатар жүктелген лауазымдық міндеттерді орындамағаны немесе тиісті емес орындамағаны үшін, өз қызметі барысында ҚР әрекеттегі заңнамасына сәйкес құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершілікті өзіне алады. ЛЭК құзыреті саласында пайда болған қауіп-қатерлер үшін ЛЭК Төрайымы жауапты.

9. Қорытынды Ережелер

- 1) Осы ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметкерлермен жұмыс жүргізуді ұйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.
- 2) Осы ережеде белгіленген тәртіп бойынша жасалған Университет әкімшілігінің ұйымдық жарғылық актілерімен және ішкі нормативтік құжаттарымен Университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесі кезінде нақтылануы және толықтырылуы, өзгертілуі мүмкін Университеттің жалпы құрылымының ішіндегі бөлімнің құқықтық ережесін және оның қызмет саласын регламенттейтін негізгі нормалар берілген.



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»**

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 31 беті

- 3) Осы ережені қол астындағы қызметкерлерге және Университеттің басқа да мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізу және оның орындалуын қадағалау, өзектілігін қамтамасыз ету міндеті бөлім басшысына жүктеледі.



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»


Локальдық этикалық комиссия (ЛЭК)


Локальдық этикалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 32 беті

10. Ұйымдастырушылық-функционалдық құрылым



	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Локальдық этикалық комиссия (ЛЭК)	Локальдық этикалық комиссия туралы Ереже
		Редакция: 1 102 беттің 33 беті

Қосымша 1

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осымен, мен _____ бұдан әрі "Төменде қол қоюшы" деп аталатын, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің Локальдық этикалық комиссиясының (ЛЭК) мүшесі /тәуелсіз сарапшысы ретінде адамның және/немесе жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулерге ізгілік принциптеріне, этикалық нормаларға және халықаралық және ұлттық нормативтік және құқықтық актілерде айқындалған медициналық көмек көрсетудің жоғары стандарттарына сәйкес ғылыми зерттеулерді бағалауды жүргізуге, сондай-ақ осы Келісімнің шарттарын сақтауға келісім беремін.

Келісім шарты:

Сіз, қандай да бір қоғамдастықтың өкілі ретінде емес, жеке тұлға ретінде және мүдделердің қорғаушысы ретінде емес, қандай да бір ұйым немесе жеке тұлға ретінде ЛЭК мүшесі /тәуелсіз сарапшысы ретінде тағайындалдыңыз. Сіздің негізгі міндетіңіз – адамның қатысуымен жүргізілетін зерттеудің этикалық және ғылыми аспектілеріне тәуелсіз сараптама жүргізу, ЛЭК қызметінің мақсаттарына қарай шешім қабылдау және барынша объективті ұсыныстар беру.


ЛЭК қызметі зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен денсаулығын сақтай отырып, қоғамның сенімін ақтау үшін ең жоғары этикалық стандарттарға сәйкес болуы тиіс. Сізден ЛЭК мүшесі /тәуелсіз сарапшысы ретінде өз міндеттеріңізді атқара отырып, жоғары этикалық стандарттарға сәйкес боласыз деп күтілуде.

Осы Келісім ЛЭК мүшесінің /тәуелсіз сарапшысының міндеттерімен бірге төменде қол қойған құпия немесе жеке меншік болып саналатын кез келген ақпаратқа қолданылады. "Төменде қол қоюшыға" сенім білдірілген құпия, жеке және қол сұғылмайтын кез келген жазбаша ақпарат тиісті түрде анықталуы тиіс.

"Төменде қол қоюшы" өзіне сеніп тапсырылған құпиялылықты сақтауға, өндірістік және коммерциялық құпияны сақтауға ("құпия ақпаратты" жария етпеуге) міндеттер жүктеледі және оны ұйғарылғандардан басқа өзге мақсаттарда пайдаланбауға, сондай-ақ оны қандай да бір үшінші тарапқа ашпауға келісім береді.

Сараптама үшін берілген жазбаша құпия ақпарат көшірілмейді және мәміленің мәні болмайды. Сараптама үшін ұсынылған кез келген құпия ақпарат (барлық даналар мен жазбалар) тек ЛЭК меншігі болып қалуы тиіс.

Осы Келісімді орындау үшін "Төменде қол қоюшы" үшінші тарапқа тиесілі қандай да бір ақпаратты – тікелей немесе жанама түрде ашпауға және пайдаланбауға міндет жүктеледі. Сонымен қатар, Осы келісімді орындау үшін "Төменде қол қоюшы", оның іс-әрекеттері ЛЭК құрылған С.Ж. Асфендиярова атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің саясатына қайшы келмейтінін растайды.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)	Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже
	Редакция 1 102 беттің 34 беті	

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысының туындауы үшін мүмкін болатын себептер ЛЭК және оның төрайымы жоғары мақсаты – адам құқықтарын қорғау үшін даулы жағдайдан шығуды таба алатынына деген сенім де бар екені белгілі.

ЛЭК саясаты сараптауға, талқылауға және ЛЭК мүшелерін және тәуелсіз сарапшылардың осы салада даулы қызығушылық тудыратын қандай да бір қызметі бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға жол бермеуге бағытталған.

ЛЭК төрайымын ЛЭК-тің қарауындағы қандай да бір нақты іспен байланысты бар мүдделердің нақты немесе әлеуетті қақтығыстары туралы дереу хабардар ету және осы іс бойынша пікірталасқа немесе пікірге қандай да болмасын қатысудан бас тарту керек.

Егер зерттеу хаттамасын ұсынған өтінім беруші ЛЭК мүшелерінің бірінің ықтимал мүдделер қақтығысы бар деп есептесе, ол ЛЭК-тің осы мүшесінің сараптама жүргізетін сарапшылар арасынан алынып тасталуын талап етуге құқылы.

Өтінім жазбаша түрде төрайымның атына беріледі. Онда ЛЭК мүшелері мүдделер қақтығысының болуын растайтын себептер көрсетілуі және дәлелдер келтірілуі тиіс. ЛЭК өтініш берушінің талаптары бойынша тергеу туралы шешім қабылдай алады.

Егер ЛЭК мүшесінің немесе тәуелсіз сарапшының мүдделер қақтығысы болса, ол ЛЭК сұрауы бойынша ақпарат беруді қоспағанда, сараптауға және шешім қабылдауға қатыса алмайды.

Мүдделер қақтығысының туындау себептері:

ЛЭК мүшесі немесе тәуелсіз сарапшы әлеуетті бәсекелес зерттеу жобасына қатыса алады;

ЛЭК мүшесі немесе тәуелсіз сарапшы қаржыландыру көздеріне немесе зияткерлік ақпаратқа қол жеткізе алады, бұл оған мүдделік қолдау көрсетуге мүмкіндік береді;

Шешім қабылдау кезінде объективті болуға кедергі келтіретін ЛЭК мүшесінің немесе тәуелсіз сарапшының жеке байланыстары.

Қорытынды бөлім

Егер "Төменде қол қоюшы" онда баяндалған шарттармен келіссе, осы құжаттың астына қол қоюды және күнді беруді сұраймыз. Қол қойылған және күні бар түпнұсқа ЛЭК бақылауымен арнайы папкада сақталады. Келісімнің көшірмесі сізге ресми құжат ретінде беріледі.

Менің қызметім кезінде ЛЭК тәуелсіз сарапшысы ретінде маған құпия ақпарат пен құжаттама (бұдан әрі мәтін бойынша "құпия ақпарат") сеніп тапсырылуы мүмкін. Мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құпиялылықты сақтау үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдауға міндеттенемін, ешкімге құпия ақпаратты ашпауға, құпия ақпаратты менің өкілеттіктерімнен өзге мақсаттарда пайдаланбауға, атап айтқанда құпия ақпаратты өзіне немесе үшінші тұлғаға пайдасына



**«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»**

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 35 беті

пайдаланбауға міндетті жүктеймін; барлық құпия ақпаратты қайтаруға міндетті аламын (мен ЛЭК-ке менің міндеттеріме сәйкес жүргізген барлық хаттамалар мен жазбаларды қоса алғанда).

Егер менде мүдделер қақтығысы пайда болса, Мен бұл туралы ЛЭК төрайымына дереу хабардар етуге міндетті аламын.


Мен, _____ Осы келісімде
жазылған және жоғарыда баяндалған шарттармен таныстым және келісемін.

Қолы _____

Күні _____

Локальдық этикалық комиссияның төрағасы
С.Ж. Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина университеті

Қолы _____ Күні _____

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)	Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже
		Редакция: 1 102 беттің 36 беті


Қосымша 2

А нысаны. Зерттелушілер ретінде адамдардың қатысуымен өтетін ҒЗЖ-на тапсырыс

ЗЕРТТЕЛУШІЛЕР РЕТІНДЕ АДАМДАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҒЗЖ-Ы ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ МЕН ҮЛГІЛЕРІ

Құжаттар құжаттамалар бөлікшелері бар папкаларда ұсынылуы тиіс. Құжатамаға құжаттардың толық тізімі тіркеледі (күні мен нөмірлері) қағаз түрінде (1 дана) және электрондық түрінде (электрондық пошта арқылы: lec.kaznmu@mail.ru; тел. - 7125, сот. +7 747 790 72 71).

1. ЛЭК төрағасының атына өтініш (А-1 Нысаны)
2. Тапсырыс және зерттеу хаттамасы (А-2 Нысаны)
3. «Ақпараттық келісім» емделушілер үшін /дені сау, өз еркімен келгендерге арналған ақпаратпен (дәрілік препараттарды клиникалық зерттеулерден өткізу үшін «Дәрілік препараттарды клиникалық зерттеуде қатысатын емделушілердің ақпараттық қағазы» талап етіледі). «Ақпараттық келісім» қағаз түрінде қазақ және орыс тілдерінде тапсырылуы тиіс). (А-3 Нысаны)
4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қатысуымен өтетін зерттеулер үшін - ата-ананың немесе заңды жауапты тұлғаның ақпараттық келісімі, 14-17 жастағы жасөспірім үшін және (бар болса) 10 жастан асқан балаға арналған бейімделген ақпарат.
5. Негізгі жоба аясында қосымша/міндетті емес зерттеулер үшін (мысалы, фармакогенетикалық зерттеулер) – жеке тұлғаны ақпараттандыру үшін және ақпараттық келісім алуға арналған құжаттар.
6. Клиникалық зерттеуді өткізуге ҚР ДСМ–нен алынған келісімнің көшірмесі және ҚР ДСМ қарамағындағы этика сұрақтары бойынша комиссия отырыстарынан көшірме (егер алынған болса). Этикалық зерттеуге арналған құжаттар ҚР ДСМ –нен клиникалық зерттеуге беретін рұқсатын алуға дейін қабылдана береді. Бұл жағдайда клиникалық зерттеуді өткізуге мақұлданған шешім шығаруда ЛЭК отырысының көшірмесінде зерттеу тек ҚР ДСМ рұқсатын алғаннан кейін ғана, зерттеуді бастауға болады деп көрсетіледі.
7. Емделушінің жеке тіркеу картасы.
8. Зерттеуші –дәрігер толтыруға арналған сауалнамалар, сұраулар тізімі, шкалалар және т.б.
9. Зерттеуге қатысушы-емделушілер толтыратын күнделіктер, сауалнамалар, сұраулар тізімі және т.б. (қазақ және орыс тілдерінде тапсырылуы тиіс).
10. Зерттеуге қатысушының карточкасы (егер қарастырылған болса).
11. Зерттеушінің кітапшасы; қайта тіркелген зерттеулер үшін – медициналық өнімдерді немесе медициналық препаратты қолдануға ресми түрде бекітілген (мақұлданған) нұсқаулар (орыс тілінде), емдік шикізаттың тіркеу куәлігінің көшірмесі, препараттың халықаралық үлгідегі құжаты (IPD), немесе орамадағы қосымша парақ (PI).
12. Күні және қолы қойылған, зерттеушілердің Curriculum vitae (CV), түйіндемесі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)	Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

13. Өзекті біліктіліктік мағлұматтары бар зерттеушілер тобы мүшелерінің тізімі. Басты зерттеушілер үшін – жүргізілетін зерттеуге медициналық мамандығы жарамды екенін растайтын құжат және клиникалық зерттеудегі еңбек өтілімі 5 жылдан кем емес болуы керек.

14. Басты зерттеушілердің GCP бойынша сертификаттарының көшірмесі (міндетті түрде) және зерттеушілер тобы мүшелерінің (егер бар болса)

15. Дәрілік препараттардың клиникалық зерттеулері үшін – пациенттің өмірін, денсаулығын міндетті түрде сақтандыру келісім шартының көшірмесі. Басқа интервенциялық зерттеулер үшін – зерттеу жүргізу барысында пациенттердің денсаулығына зиян келтірген жағдайда пациенттің құқығын бұзбау туралы кепілдеме құжаты.

16. Пациенттерді зерттеулерге қатыстыру үшін қолданатын ақпараттар, жарнамалар, препараттарды және қондырғыларды қолдануға арналған нұсқаулар (егер бар болса)

17. Этика бойынша жоспарланып отырған зерттеуге қатысты алдыңғы комиссия шешімі, егер ондай бар болса.

18. Мақұлдауға құжаттардың жаңа нұсқасын берген жағдайда – енгізілген өзгерістер/толықтырмалар бойынша түсініктемелері бар сәйкес құжаттар, немесе түзету режиміндегі жаңартылған қосымша экземплярларды әкеліп көрсету.

19. Жеке тұлғаны зерттеуге қатыстыруға шақыру кезіндегі іс-шараларды сипаттайтын құжаттар (мысалы, жарнамалар, хабарландырулар), зерттеу қатысушылығына берілетін төлемақы және қарымақы туралы ақпарат (егер бар болса)

20. Мақұлданған зерттеу барысы кезінде – маңызды жағымсыз құбылыстар туралы хабарлама, қауіпсіздік бойынша мәлімдемелер, зерттеудің өткізілу барысы бойынша есеп (мерзімдік, жыл сайынғы, соңғы) және т.б.



Медициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын, сондай-ақ зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 4 мамырдағы № ҚР ДСМ-64 бұйрығына сәйкес

11. Интервенциялық клиникалық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама жүргізу үшін Демеуші (немесе зерттеу басшысы) Орталық немесе Жергілікті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) еркін нысандағы ілеспе хаты бар клиникалық зерттеу зерттеуді жүргізуге арналған өтінім;
- 2) Демеуші (немесе зерттеу басшысы) қол қойған клиникалық зерттеу хаттамасы (түпнұсқасы немесе көшірмесі);
- 3) қазақ және орыс тілдеріндегі халықаралық зерттеулер үшін клиникалық зерттеу хаттамасының синопсисі;
- 4) зерттеуші брошюрасы;
- 5) сыналатын әдісті және (немесе) құралдарды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (немесе жоба);
- 6) зерттеу субъектісі немесе оның заңды өкілі үшін қазақ және орыс тілдеріндегі клиникалық зерттеу туралы ақпарат;
- 7) зерттеу субъектілерінің қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттандырылған келісімінің нысаны;
- 8) зерттеушінің біліктілігін растайтын түйіндемесі және тиісті клиникалық практика курстарынан өткені туралы сертификат;
- 9) клиникалық базалар туралы мәліметтер;
- 10) егер клиникалық зерттеу өтінімін беруші Демеуші (немесе зерттеу басшысы) болып табылмаса, нақты анықталған өкілеттілігі бар демеуші (немесе зерттеу басшысы) берген сенімхат;
- 11) зерттеу субъектілерін қабылдау жөніндегі іс-шараларға қатысты ақпарат (зерттеу субъектілерін клиникалық зерттеуге (бар болса) тарту үшін пайдаланылатын ақпараттық және жарнамалық сипаттағы материалдар) қазақ және орыс тілдерінде;
- 12) зерттеу субъектілерінің денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін демеушінің (немесе зерттеу басшысының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесі (немесе жобасы);
- 13) клиникалық зерттеуге қатысқаны үшін зерттеу субъектілеріне сыйақы немесе өтемақы төлеу шарттарын айқындайтын құжат (егер бұл клиникалық зерттеу хаттамасында көзделсе). Клиникалық зерттеуге қатысқаны үшін зерттеу субъектілеріне ақы төлеу немесе өтемақы төлеу шарттарына қатысты ақпарат осы көзделген тиісті құжатқа сілтеме жасай отырып, ілеспе хатта ұсынылады.

12. Демеуші (немесе зерттеу басшысы) интервенциялық емес клиникалық зерттеу материалдарына биоэтикалық сараптама қорытындысын алу үшін Жергілікті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) еркін нысандағы ілеспе хаты бар клиникалық зерттеу зерттеуді жүргізуге арналған өтінім
- 2) зерттелушінің біліктілігін растайтын түйіндемесі және GLP курстарынан өткені туралы сертификат;
- 3) әдіс және (немесе) құралға тіркеу куәлігінің көшірмесі;
- 4) медициналық пайдалану (бекітілген нұсқасы) бойынша нұсқаулық көшірмесі;
- 5) демеуші (немесе жоба жетекшісі) қол қойған клиникалық зерттеу хаттамасы;
- 6) клиникалық зерттеу субъектілері немесе олардың заңды өкілдеріне арналған қазақ және орыс тілдеріндегі ақпарат (хаттама бойынша қажет болса);
- 7) зерттеу субъектісінің қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттандырылған келісімнің нысаны (хаттама бойынша қажет болса);



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 39 беті

8) жеке тіркеу картасының қағаз түріндегі үлгісі (хаттама бойынша қажет болса);

9) қосымша құжаттар (хаттама бойынша қажет болса).

13. Қоғамдық денсаулық саласында зерттеу жүргізу кезінде демеуші (немесе зерттеу басшысы) Жергілікті комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы ілеспе хаты бар қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы зерттеуді жүргізуге арналған өтінім;

2) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша зерттеушінің түйіндемесі, GLP курстарынан өткені туралы сертификат;

3) зерттеуші қол қойған зерттеу хаттамасы;

4) зерттеу субъектілері немесе олардың заңды өкілдері үшін қазақ және орыс тілдеріндегі зерттеу туралы ақпарат (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

5) зерттеу субъектісінің қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараттандырылған келісімінің нысаны (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

6) қағаз тасымалдауыштағы деректерді/сауалнаманы жинау нысанының үлгісі (егер ол хаттама бойынша талап етілсе);

7) қосымша құжаттар (егер ол хаттама бойынша талап етілсе).

Құжаттар пакеті толық ұсынылмаған жағдайда Локальдық этикалық комиссия үш жұмыс күннің ішінде құжаттарды Демеушіге (немесе зерттеу басшысына) қайтарады.



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 40 беті

А-1 Нысаны

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Локальдық Этикалық Комиссия төрайымы м.ғ.д., профессор С.А. Алтынбековқа

_____ (аты-жөні)

_____ (жұмыс орны, қызметі)

ӨТІНІШ

Сізге өтініш жазу себебім «_____» атты тақырыбына өткізілетін ғылыми-зерттеу жұмысының құжаттарына этикалық сараптама жүргізуіңізді сұраймын. Аталған ғылыми-зерттеу жұмыс «_____» жобасының аясында орындалуы тиіс.

Зерттеу жұмысының болжамды өткізілу мерзімі: _____

Зерттеу жұмысын _____ жүргізеді.
(кафедра, компания аты)

_____ негізінде.

Мекен-жайы: _____

Бас зерттеуші (аты-жөні) _____

Қарастырылуға келесі құжаттар ұсынылады:

1. Зерттеу хаттамасы мен тапсырыс;
2. «Ақпараттық келісім» қазақ және орыс тілдерінде;
3. Сауалнамалар қазақ және орыс тілдерінде;
4. Зерттеушілер туралы мәліметтер (резюме);

Бас зерттеуші

« ____ » _____ 20__ ж.

Хабарласатын тұлға:

Тел.:

E-mail:



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 41 беті

А-2 Нысаны.

Тіркеу № _____

Тапсыру мерзімі _____

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ
ЛЭК-на ЭТИКАЛЫҚ САРАПТАМАҒА ТАПСЫРЫС

« _____ »
(ғылыми зерттеудің/бағдарламаның/жобаның атауы)

Бас зерттеуші (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі)	Кафедра/Факультет/Орталық/Клиника
Зерттеушілер (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі)	Кафедра/Факультет/Орталық/Клиника (студенттер үшін: курс, факультет)

* Сараптама қорытындысы негізгі зерттеушіге ұсынылады

БАС ЗЕРТТЕУШІНІҢ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

1. Өтініште көрсетілген ақпарат, менің пайымдауым мен білімімен ұйқаса отырып, нақты көрсетілген деп санаймын. Аталған зерттеу жұмысын өткізу бойынша жауапкершілікті өз мойныма аламын және Университет ұсынған этикалық міндеттері мен зерттеу жұмысында Локальдық этикалық комиссиямен ұсынылған адамдарға жүргізілетін зерттеу тәртіптері мен құжаттарға қатысты ережелерді ескере отырып зерттеу жүргіземін.
2. Зерттеу мәліметтері Университет талаптарына сәйкес жинастырылады, әрі сақталатындығына кепілдік беремін.
3. Мен, өзіммен бірге жұмыс атқаратын зерттеу тобында және техникалық қызметкерлерде, зерттеу жұмысын өткізу үшін, ұсынылған құжатта сипатталғандай, сәйкесінше жеткілікті тәжірибе мен мүліктік-техникалық заттарға ие болуға мүмкіндік бар екендігін хабарлаймын. Зерттеу барысында немесе нәтижесінде туындайтын кез-келген төтенше жағдайларды және күтпеген оқиғаларды шешуге шамам келетіндігін айқындаймын.

_____ (Бас зерттеушінің қолы)

« _____ » _____ 20__ ж.



ЗЕРТТЕУ ХАТТАМАСЫ

I. Бастапқы бет

Жоба бойынша ақпарат

1. Зерттеу жұмысының аталуы: « _____ »
2. Зерттеу хаттамасының нөмірі: _____
3. Зерттеудің жүргізілу мерзімі: _____
4. Зерттеу жұмысының өткізілетін орны: _____
5. Зерттеуге негіз болған мекеме: _____
6. Басқарушының аты-жөні (немесе демеушінің): _____
7. Бас зерттеушінің жұмыс бабы мен атағы, аты-жөні; мекеме атауы мен мекен-жайы: _____

II. Ұсынылған зерттеу жұмысы, осыған дейін өзге этикалық комиссияларымен жүргізілді ме, және нәтижелері қандай?

III. Зерттеу жұмысының мақсаты мен кіріспе

1. **Жобаның мақсаты.** Зерттеудің ғылыми мақсаты мен міндеттерін көрсетініз.
2. **Зерттеудің түйіндемесі.** Бұл жерде зерттеудің қысқаша дәлелдемесін (негіздемесін), жаңашылдығын, өзектілігін және сілтемелерді жазыңыз.

IV. Зерттеушілер тобын іріктеу талаптары.

1. **Зерттеуге қатысушылар (зерттелушілер) саны.** Көрсетілген зерттеудің қатысушылардың жоспарлы түрдегі жалпы санын көрсетіңіз. Мультиорталық зерттеу кезінде, барлық біртұтас зерттеудегі қатысушылардың ортақ санын көрсетіңіз.
2. **Жынысы бойынша топтастыру.** Болжалды гендерлік бөлісуді жазыңыз. Жыныс бойынша зерттеуге енгізу үшін қандай-да бір шектеулер бар болса, онда сол шектеулердің мәнісін түсіндіріңіз. Зерттеуге қатысушы әйелдер мен ерлер саны тең болуы, зерттеудегі пайда және ауыртпалықты теңдей бөлу үшін өте маңызды. Сондықтан, әйелдер мен ерлер зерттеуге қатысуы қажет, егер де басқа тиісті медициналық және ғылыми себептері болмаса.
3. **Жасы.** Қатысушылардың жас мөлшерін көрсетіңіз, неге осы жас мөлшерін таңдағаныңызды негіздеңіз. Медициналық немесе ғылыми себептері болмаса, егде адамдардың зерттеуге қатысуына шектеу болмау керек.
4. **Ұлты (этникалық ерекшеліктері).** Қатысушылардың нәсілі және этника бойынша болжамды топтастыруын жазыңыз. Егер қандай да бір нәсілі және этникасы бойынша шектеулер болса, онда шектеудің мәнісін түсіндіріңіз және негіздерін көрсетіңіз. Зерттеудің пайдасы мен ауыртпалығы қатысушылар арасында біркелкі бөлінгеніне көз жеткізу үшін, зерттеуге жүргізілетін аймақтың әр түрлі ұлттары мен этникалық қатысы бойынша адамдар қатысуы керек.
5. **Енгізу талаптары.** Зерттеудегі енгізу талаптарын атап шығыңыз. Бұл талаптар ғылыми негізделген болуы тиіс және кім зерттеуге енгізілуі керек екенін айқындауы керек.
6. **Шеттету талаптары.** Зерттеудегі шеттету талаптарын атап шығыңыз. Олар ғылыми негізделген болуы керек және қатысушылар популяциясын нақты айқындауы керек.
7. **Осалды топ.** Егер зерттеуге осалды қатысушылар (өздігінше шешім қабылдауға мүмкіндігі шектеулі адамдар) енгізілсе, бұл үшін негіздер болуы тиіс. Балалар, жүкті әйелдер, қарт адамдар, студенттер, тәуелді жұмысшылар, эмбриондар осалды қатысушылар болып есептеледі, бұлар үлкен қорғауды талап етеді.

V. Әдістер мен тәсілдер

1. **Әдістер мен тәсілдер.** Жоба мақсаттарын орындауға қолданылатын барлық рәсімдерді және зерттеу жоспарын қысқаша жазып шығыңыз. Экспериментальды болатын рәсімдер/тестер/интервенциялар не/немесе тек қана зерттеу үшін қолданатындар зерттеуден тәуелсіз



қолданатыннан (медициналық жәрдем көрсету үшін) айқындалуы және бөлектенуі керек. Зиян тигізетін және қауіпсіздік ережелерін қолдануға мәжбүрлейтін қандай да бір рәсімдерді, жағдайларды немесе материалдарды ерекшеленіз. Тек ғылыми мақсатпен өткізілетін рутинді рәсімдерді айқындаңыз (қосымша тестер).

2. Деректердің анализі және мониторингі.

Қолданылатын статистикалық/аналитикалық әдіс-тәсілдерді қысқаша жазып шығыңыз.

Потенциальды қауіп тудыруы мүмкіндігі бар интервенция қолданумен өтетін зерттеулер үшін, қатысушылардың амандығы және қауіпсіздігін қорғау үшін мониторинг мәліметтер бойынша комитет/комиссия қажет етілуі мүмкін. Оның басқармасының толық сипаттамасын беріңіз (мүшелігі, функционалдығы, экспертиза жиілігі, тоқтатылу ережелері ж.т.б.).

3. **Құпиялылық және мәліметтерді сақтау.** Зерттеу барысында алынған мәліметтер қандай жерде сақталады және олар қалай қорғалады. Мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін зерттеуші қажетті әрекеттер істеу қажет. Бұған, мәліметтерге бос кіруге болатындығына жол бермейтін, алынған мәліметтердің кодталуы және сақтаудың лайықты механизмін таңдау жатады. Мәліметтерді алуға кімнің мүмкіндігі бар екенін жазыңыз және олар қалай қолданылады.

VI. Қауіп-қатер/пайда қатыстығын бағалау.

1. **Қауіп-қатер дәрежесі.** Келесі категориялар бойынша қауіп-қатер дәрежесін көрсетіңіз: кішігірім, кішігірімнен сәл көбірек. Кішігірім қауіп-қатер деген зерттеуде күтілетін зиян немесе қолайсыздық туғызу ықтималдылығы күнделікті өмірде кездесетін немесе рутинді физикалық немесе психологиялық тестерді алу кезінде кездеседі. Қауіп-қатер – потенциалды зақым келтіру, бұл зерттеумен қатысты, денсаулыққа зиян ретінде дұрыс пікірлі адаммен бағаланады.

2. **Мүмкін болатын қауіп-қатер.** Зерттеумен байланысты мүмкін болатын қауіп-қатерді жазып шығыңыз. Қатерлер тек физикалық қана емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және заңнамалық. Бұның ішіне зерттеушінің брошюрасында белгіленген қандай да бір уланушылық туралы арнайы мәліметтер кіреді. Егер мүмкін болса берілген залалдың ықтималдылығын бағалаңыз және потенциалды қайтымдылығын көрсетіңіз.

3. **Қауіп-қатерден сақтану.** Зерттеу жоспары потенциалды қауіп-қатерді немесе қолайсыздықты қалай кішірейтетіндігін/қорғайтындығын жазып шығыңыз. Емдеуге көрсету, кеңес беру және басқа да керекті қадамдар; персоналды оқыту, мониторинг, кері әсерлі реакция немесе қосалқы құбылыс туралы дәлел алған жағдайда қатысушыны зерттеуден шығыру - осындай рәсімдер жүргізу арқылы потенциалды қауіп-қатер немесе қолайсыздық мүмкіндігінше кішірейтілуі керек. Осының бәрі үшін кімнің төлейтіндігі туралы жазыңыз.

5. **Қатысушының алатын потенциалды пайдасы.** Зерттеуге қатысушыларға арналған потенциалды пайда туралы жазыңыз, егер бар болса. Қатысу үшін төленетін ақша пайда болып есептелмейді.

6. **Қатысушыға арналған балама амал.** Бұл бөлім зерттеуге қатыспауды дұрыс көрген қатысушыларға ұсынылатын балама амалдарды ішіне кіргізеді. Егер де олар студенттер болса, қатысқаны үшін академиялық кредит алатын, онда тең көлемде кредит алуға болатын балама амалдарды жазып шығыңыз.

VI. Зерттеушілер тобын анықтау, топтастыру және келісімі.

Жедел медициналық көмек көрсету немесе алдында бар болған мәліметтер/материалдарды зерттеу кезінде топтастыру және алдын-ала алынатын келісім алу қолайсыз болса, онда Сіз, зерттеудің популяциясын анықтау және топтастыру және келісім неге қолайсыз екендігін түсіндіріңіз деген тек қана бірінші сұраққа жауап беруіңізге болады

1. **Зерттелушілерді анықтау және оларды топтастыру.** Болжалды қатысушыларды топтастыруға



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТИ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»

Локальдық этиалық комиссия (ЛЭК)

Локальдық этиалық комиссия туралы Ереже

Редакция: 1

102 беттің 44 беті

және анықтау үшін қолданылатын әдіс-тәсілдерді жазыңыз. Бұл әдіс-тәсілдер конфиденциальдылықты қамтамасыз ету керек және мәжбүрлеуден азат болуы керек. Зерттеушінің студенттерін, қол астындағыларды және пациенттерді топтастыру потенциалды мәжбүрлеу болып саналады, сондықтан мәжбүрлеуді кішірейтуге қажетті қадамдар істелінуі керек.

2. **Келісім алу үдерісі.** Ешбір мәжбүрсіз және зорлықсыз рациональды және зейін сала шешім қабылдауға жағдай жасау үшін ақпараттық келісім үдерісі қалай құрылады және кім келісімді жинайтынын жазыңыз. Тек секцияда бар адамдар ғана келісімді алуға құқығы бар.

3. **Қатысушының жағдайы.** Егер қатысушылардың барлығы ақпараттық келісім бере алмаса, онда олардың хал-ахуалдары қалай бағаланады. Зерттеуге қатысуға келісім беруге мүмкіншілігімен байланысты олардың зақымдарының болжалды деңгейін жазыңыз. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қатысуымен өтетін зерттеулер тек қана қауіп-қатері кішігірім зерттеулерде рұқсат етіледі.

4. **Түсінушілік.** Зерттеуге қатысатын болжалды қатысушылар немесе олардың өкілі ақпараттық келісім беруге толық білімі бар және келісімнің элементтерін түсінетін адамдар екеніне және зерттеуге қатысуға немесе қатыспауға саналы түрде шешім шығара алатындығына көз жеткізу үшін барлық зерттеушілер заңдық және этикалық жағынан міндеттері бар. Бұл бөлімде жеке тұлға немесе оның заңды өкілі берілген ақпаратты түсінгені қалай анықталады екенін жазыңыз. Келісімді алғаннан бұрын, оны түсіну деңгейі лайықты екенін анықтау үшін бұл бөлімде адекватты жоспарды анық көрсету қажет. Егер зерттеуге балалар не/немесе өз бетімен әрекет істеуге құқығы жоқ ересек адамдар қатысса, бұл бөлімде сондай-ақ келісім алу кезінде түсінгендерін бағалайтын арнайы жоспар енгізілуі қажет.

5. **Келісім нысаны.** Ақпараттық келісім нысаны бойынша ЛЭК ұсынымдарын оқып шығыңыз және де құжаттандыруды талап ететін пункттерін де қарап шығыңыз. Ақпараттық келісімнің титулдық беті бөлімнің немесе институттың фирмалық бланкісінде басылуы керек.

